

Күйенің қолданылуы

Алғашқыда күйе өндірісі одан типографиялық бояуларды даярлауға сұраныс салдарынан дамыған болатын; кейіннен оның маңызы айтарлықтай өсті, себебі оған табиғи және жасанды каучукті өңдеу өнеркәсібі тұтынушы болды.

Автокөлік шиналарын өндіргенде каучукке 30-50% күйені қосқанда, олардың беріктігі 2-3 есе артады (жүру ұзақтығы 1500-2000-нан 50000-60000 км-ге дейін артады).

Қазіргі уақытта жылына күйенің миллионнан астам тоннасы өндіріледі, оның шамамен 90% каучукты өңдеу кезінде қолданылады, ал қалған бөлігінен типографиялық және басқа бояулар, лактар, көшірме қағаздар, қарындаштар, пластикалық және оқшаулағыш материалдар, электродтар және т.б. алынады.